БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# Ленин туы

ҚК(б)П СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚК(б)П ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№185 (8645) Сәрсенбі 19 сентябрь 1945 жыл | Шығуына 27-жыл Жеке саны 20 тиын

**Жолдастар, колхозшылар мен колхозш әйелдер, мал фермаларының қызметкерл мен ауыл шаруашылығының мамандары! Соц листік жарысқа ұштасыңыздар! Елімізге е сүтті, жүнді ,теріні тағы басқа мал шаруаш лығы өнімдерін еселеп мол берейік!**

*(Кострома облысы колхозшыларының үндеуінен)*

## Кострома колхозшыларының үндеуіне іспен жауап берейік

Газетіміздің бүгінгі санында Кострома облысының Кострома ауданындағы «12 октябрь» ауыл шаруашылық артелі колхозшылары мен колхозшы әйелдерінің Советтер Одағының барлық колхозшыларына, колхозшы әйелдеріне, мал фермаларының қызметкерлері мен ауыл шаруашылығының мамандарына арнаған үндеуі жарияланылып отыр. Кострома колхозшыларының мұндай игілікті іске жаршы болуына елімізде соғыс салған жараны тезірек жазу, өзіміздің мемлекетімізді бұрынғыдан да дәулетті, бұрынғыдан да күшті ету сияқты қасиетті мақсат жігерлендіріп отыр.

Кострома колхозшылары бүкіл дүние жүзі халықтарының аңсап күткен кезеңі—екінші дүние жүзілік соғыстың аяқталып, бейбіт өркендеу дәуірінің басталуына жігерлене отырып, жазған хатында өздерінің еліміздің мыңдаған басқа колхоздары сияқты мемлекетке ет, сүт тағы басқа ауыл шаруашылық өнімдерін тапсыру жөніндегі борышын абройымен орындағандығын, соғыс уақытының қиыншылықтарына қарамастан колхоздың қоғамдық мал шаруашылығын өркендете бергендігін баяндады. Енді олар өздерінің үндеуінде «Біз сіздерді колхоздың мал шаруашылығын бұдан да әрі өркендету үшін, мал қыстатуға үлгілі әзірленіп, оны ойдағыдай өткізу жолында бүкілодақтық социалистік жарыс ұйымдастыруға шақырамыз» дейді.

Кострома колхозшылары сияқты облысымыздың колхозшылары да әсересе соғыс жылдарында мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімін арттыруда үздік табыстарға ие болды. Егер еліміз бен майдан азық-түлікпен, ал өнер кәсіп шикі затпен соғыс жылдарында да тыңғылықжөнделді, жаңадан 2 мал қорасы салынды. Қазір мал өсіруші бригаданың мүшелері қыстауларға мал азығын тасу жұмысын қызу жүргізуде. Олар республикамыздың даңқты мерекесіне дейін барлық мал азығын қыстауларға толық тасып алмақ болып отыр.

Мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімін арттыру арқылы елімізге мал шаруашылығы өнімдерін мол беруде Совет ауданындағы «Колос», Каганович атындағы, Мамлют ауданындағы «12 лет октября», Каганович тындағы, Полудень ауданындағы «Стахановец», Соколов ауданындағы Куйбышев атындағы тағы басқа сол сияқты ондаған алдыңғы қатарлы колхоздарымыздың мал өсірушілері күрделі жұмыстар істеді. Бұл колхоздарда мал өсірудің мемлекеттік жоспары әлде қашан орындалды, мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін тапсыру міндеттемесі өтелді. Қазір колхоз мал өсірушілері өздерінің барлық күш-қайратын мал қыстатуға әзірлік жұмыстарын үлгілі аяқтауға жұмылдырды.

Дегенмен, облысымыздың көп колхозда рында мал өсірудің мемлекеттік жоспарын орындау, оның өнімін арттыру және мал қыстату маусымына әзірлену жұмыстарын ұйымдастыруға жете көңіл бөлінбей келеді. Кейбір колхоздарда мал басы өсу орнына, кеміп, оның өнімі төмендеп кету сияқты фактілерде жоқ емес. Мұндай фактілерді Совет, Октябрь, Приешім және Конюхов аудандарының колхоздарынан көптеп кездестіруге болады. Міне осының салдарынан облысымызда мал өсірудің мемлекеттік жоспары түліктің барлық түрінен орындалған жоқ.

Мал басының өсіуі тікелей мал қыстату жұмысының ойдағыдай ұйымдастыры

*ССРО Халық Комиссарлары Советінде*

## К. Д. Ушинскийдің өлгеніне 75 жыл толуы туралы

ССР Одағы Халық Комиссарлары Советі **қаулы етті:**

1. Орыстың кемеңгер оқытушысы Константин Дмитриевич Ушинскийдің өлгеніне 1946 жылғы 3 январьда 75 жыл толатындығына байланысты, К. Д. Ушинскийдің өлгеніне 75 жыл толғандығын өткізу жөнінде Бүкілодақтық комитет құрылып, оның қатарына В. П. Потемкин (Председатель), В. П. Волгин, И. С. Галкин, Ф. В. Глодков, М. М. Головин, В. Д. Греков, А. Еголин, Г. Е. Жураковский, И. А. Каиров, С. В. Кафтанов, К. А. Константинов, К. Н. Корнилов, В. Н. Марков, Е. Н. Медынский, И. И. Мещаников, С. П. Обнорский, И. Ф. Свадковский, В. Я. Струминский, Н. В. Чехов, Н. Н. Яковлев кіргізілсін.

2. К. Д. Ушинскийді есте қалдыру жөнінде шаралар белгілеу және Москва мен Ленинград қалаларында К. Д. Ушинскийдің өлгеніне 75 жыл толған күні салтанатты мәжілістер өткізу К. Д. Ушинскийдің өлгеніне 75 жыл толғандығын өткізу жөніндегі Бүкілодақтық Комитетке тапсырылсын.

3. К. Д. Ушинскийдің шығармалар жыйнағы 1946 жылғы 3 январьға дейін бастырылып шығарылсын.

4. Ленинград қаласында К. Д. Ушинскийге ескерткіш орнатылсын.

---

## Совет әскерлерінің Норвегия жерінен кері қайтарылуы

Жасы үлкендерді армия қатарынан босатуға байланысты совет әскерлері Нор-

## Елімізге мал шаруашылығы өнімдерін көп берейік, мал қыстатуға үлгілі әзірленейік!

### Кострома облысының Кострома ауданындағы „12 октябрь" ауыл шаруашь артелі колхозшылары мен колхозшы әйелдерінің

### Советтер Одағының барлық колхозшыларына, колхозшы әйелдер мал фермаларының қызметкерлері мен ауыл шаруашылығы мамандар

## НДЕУІ

Қымбатты жолдастар!

Кемеңгер көсеміміз және қолбасшымыз Сталин жолдастың басшылығы арқасында совет халқы өзінің сүйікті Отанының абройын, бостандығы мен тәуелсіздігін сақтап қалды. Дүние жүзіндегі ең қауыпты екі шапқыншы мемлекет— Германия мен Жапония талқандалды. Қызыл Армия одақтастарымыздың әскерлерімен бірлесе отырып, зор жеңістерге ие болды.

Ұлы Отан соғысы колхоз стройының мызғымас күшін әйгіледі. Біздің «12 октябрь» ауыл шаруашылық артелі совет елінің мыңдаған басқа колхоздары сияқты мемлекетке ет, сүт тағы басқа ауыл шаруашылық өнімдерін тапсыру жөніндегі борышын абройымен орындады. Колхозымыз 1944 жылдың өзінде мемлекетке 95 центнер ет және 86200 литр сүт тапсырды. Соғыс уақытының қиыншылықтарына қарамастан колхозымыз өзінің қоғамдық мал шаруашылығын өркендете берді.

Соғысқа дейін бізде 230 бас қара мал болса, қазір 296 қара мал бар. Мұнымен бірге, біз соғыс жылдары фермада жаңа кострома тұқымдас асыл тұқымды 260 сыйыр өсіріп, оларды басқа колхоздарға саттық. Орта есеппен фермада әрбір сыйырдан 3602 литр сүт сауылды. Соғыс

қайткенде мал шаруашылығы өнімдерін және өнер кәсіпке шикі затты көп беру болып саналады.

Қымбатты жолдастар! Біз Сіздерді колхоздың мал шаруашылығын бұдан былай да өркендету үшін мал қыстатуға үлгілі әзірленіп, оны ойдағыдай өткізу үшін Бүкілодақтық социалистік жарыс ұйымдастыруға шақырамыз.

Социалистік жарысқа ұштаса отырып, өзіміз мынадай міндеттмелер аламыз:

1. Колхоз үшін 1945 жылға жылқы, қара мал, қой, шошқа өсіру жөнінде белгіленген мемлекеттік жоспарды артығымен орындаймыз.

2. Төлдейтін малдардың қысыр қалуына жол бермейміз. Әрбір биеден, сыйыр мен құнажыннан бұзау алып, жыл сайын әрбір мегежіннен кемінде 12 торай өсіреміз.

3. Малдарды азықтандыруды, бағып, күтуді дұрыс ұйымдастырып, бұдан бұлай да мал шаруашылығы өнімін арттыруға және мал фермаларында мал басын көбейтуге жетісеміз. 1945 жылы орта есеппен әрбір сыйырдан 3600 литр сүт сауамыз. Мемлекетке әр қайсысының салмағы орта есеппен 100 килограмдық кемінде 30 шошқа тапсырамыз, оларды

5. Жай және құнарлы азық д жөнінде белгіленген мемлекеттік ды орындаймыз. Ферма жанындағ кедегі егінді дер кезінде жыйнап әрбір гектар жерден кемінде 270 жеміс тамырлы өсімдік жыйнай бір қара малға 7 тонна құнарл сүрленген шөп пен жеміс тамырл дік дайындаймыз.

6. Мал қыстайтын үйлерді 1 ге дейін жөндеп жылытамыз. 10 малдық қора жабдықтап, онда м ратын орын жасаймыз.

7. Қайтыс болған жауынгерле іштері мен Отан соғысының мүгі не көмектесеміз, сол сияқты Қы миядан босатылғандарға мал бөле

Жолдастар, колхозшылар мен шы әйелдер, мал фермаларының керлері мен ауыл шаруашыл мамандары! Социалистік жарысқ сыңыздар! Елімізге етті, сүтті, теріні, тағы басқа мал шаруа өнімдерін еселеп мол берейік!

Батыр Қызыл Армия жасасын

Жеңген халық—ұлы совет хал сасын!

Жеңісімізді ұйымдастырушы ж

өркендеу дәуірі басталғанда, мал өсірушілеріміз өздерінің табысына табыс қосуға, елімізге мал шаруашылығы өнімдерін еселеп мол беруге, сонымен, еліміздің халық шаруашылығына соғыстан түскен жарақатты тезірек жазуға белсене қатынасуға жаппай жұмылып отыр. Облысымызда мал басын өсіріп, оның өнімін еселеп арттырған шопандар, сауыншылар, жылқышылар, бұзау күтушілер, шошқа күтушілер тағы басқа сондай таңдаулы мал өсірушілер көп.

Мәселен, Приешім ауданындағы «Мереке» колхозында осы жылдың бірінші жартысының өзінде-ақ мал өсірудің мемлекеттік жоспары түліктің барлық түрінен артығымен орындалды. Қазір колхоздың қара мал фермасында 112 мал орнына, 126 мал, 280 қой-ешкі орнына, 333 қой-ешкі және 26 жылқы орнына 27 жылқы бар. Быйыл колхоз жылқышысы Бейсенбаев жолдас 5 биеден алынған 5 құлынды ешбір шығынсыз өсіріп келеді. Осы сияқты сауыншы Мұсабаева жолдас өзінің қарауындағы 20 сыйырдан 20 бұзау алып, оларды жаз бойына мәпелеп күтіп жүр. Мұсабаева жолдас қарауындағы бірде-бір төлдің шығынға ұшырауын және әрбір сыйырдың беретін сүт мөлшерінің кемуін болдырған емес.

Колхоз мал өсірушілері Қазақ ССРның 25 жылдығы атындағы бүкіл халықтық социалистік жарысқа ұштаса отырып, мал қыстатуға әзірлік жұмысын үлгілі ұйымдастырды. Колхозда 4 мал қорасы

Мал шаруашылығындағы бұл сияқты жауапсыздыққа бұдан әрі төзуге тіпті болмайды. Сондықтан мал басын өсіру, оның өнімін арттыру жұмыстарын, сол сияқты мал қыстатуға әзірлікті Кострома колхозшыларының үлгісі бойынша ұйымдастыру керек. Өткен жылы мал қыстатуға әзірлік жұмысының қанағаттанғысыз жүргізілуі салдарынан Совет ауданындағы көп колхоздарда мал қыстату жұмысының зор қыйыншылықпен өткізілгендігін ескеру хажет. Мұндай жағдай облысымыздың барлық аудандарында кездесті.

Ендігі жерде мал қыстатуға барлық жағынан толық дайындалу керек. Қазір мал азығын дайындау жоспары орындалмады. Сондықтан сабан мен меконді тегіс жыйнап, оны мал қыстауларына тасып алу хажет. Сонымен бірге, дайындалған шөптің мал қыстайтын негізгі орындарға жеткізілуін осы бастан тыңғылықты ұйымдастыру—кезек күттірмейтін міндет.

Қоғамдық мал шаруашылығы жылы, жарық қорамен қамтамасыз етілу шарт: Қазір әрбір колхоз бен совхозда жаңадан қоралар салу, ескі қораларды жөндеу жөнінде арнаулы бригадалар құрылатын болсын. Бұл бригадаларда еңбек дұрыс ұйымдастырылып, социалистік жарыстың кеңінен өріс алуына баса көңіл бөліну қажет. Бұл жөніндегі кемшіліктерді үзілді кесілді жойылуына назар аударылатын болсын.

некті еңбек істеп, сентябрь айының 10 күндік жоспарын 107 процент орындады.

Ыдыс жасайтын цехтың жұмысшылары Советтер Одағының Генералиссимусы Сталин жолдастың халыққа арнаған үндеуіне өндірістік жаңа табыстарға жетумен жауап беру үшін стахановтық вахтаға тұрып, күнделік жұмыс мөлшерлерін 120—150 процентке дейін артығымен орындап, артельде бірінші орынға ие болды.

Жамау-жасқау цехының жұмысшылары Қазақстанның 25 жылдығы атындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетіп еңбек өнімін еселеп арттыра түсті. Соның нәтижесінде мұнда сентябрь айының 10 күндік жұмыс жоспары едәуір артығымен орындалды, жоспардан тыс көптеген көпшілік қолды бұйымдар өндірілді.

Артель коллективі сентябрь айында ауыл шаруашылығына керекті 120 мың сомның құрал-саймандарын жасап шығаруды міндеттеріне алып, жұмыс қарқынын еселеп күшейтуде.

**Е. МАЛАЕВ.**

де фермаларда мал басының өсуіне және оның өнімінің артуына жетістік. Мал шаруашылығымыздағы таңдаулы адамдарымызды, асыл тұқымды сыйыр фермамыздың меңгерушісі Прасковья Андреевна Малининаны, сауыншылар Мария Васильевна Корневаны, Аполлинария Ивановна Савинаны, Евдокия Андреевна Курлюкованы, сол сияқты Анастасия Кузминична Баракованы, атшы Мария Александровна Швылеваны мақтан етеміз.

Мал өсіруде мал үшін азық қорының жеткілікті дайындалуының шешуші маңызы бар екендігін жақсы түсініп, сапалы шөп пен сүрленген шөпті мол әзірлеймiз. Фермаларымыздың қызметкерлері быйыл фермалар жанындағы учаскеде 4,25 гектар жерге егін екті. Бізде мал тәулік бойы бағылады, мал жайылымдары дұрыс пайдаланылады.

Қазірде колхоздардың мал шаруашылық қызметкерлерінің алдында тұрған міндеттер еліміз бен Қызыл Армияға

**Колхоздың партия ұйымының секретары [illegible];**
**Сыйыр фермасының меңгерушісі П. А. МАЛИНИНА;**
**Комсомол ұйымының секретарі М. П. ХОМЯКОВА;**
**Председательдің егін шаруашылығы жөніндегі орынбасары [illegible] ШИШИНА;**

**Шаруашылық бөлімінің бастығы А. А. ЗАХАРОВА;**
**Бригадирлер: М. А. ШИШИНА, Н. И. КАЛИНИНА, Т. И. ПРОХОР[illegible] А. И. КАЛИНИНА, Ф. А. КУРДЮКОВА, А. А. ШАБРОВ, Е. В БАРАКОВА;**
**Шошқа фермасының меңгерушісі М. Д. ШВЫЛЕВА;**
**Сауыншылар: М. В. КОРНЕВА, А. И. САВИНА, Е. В. КУЗНЕЦОВА, [illegible] ЕГОРОВА, А. И. КУЗНЕЦОВА, Н. И. ГАВРИЧЕВА, З. И. ШАПОШНИ[illegible] С. А. ПОЛЯКОВА, З. Н. АВЕРИНА, М. В. ХАРИТОНОВА, Е. А. КУРДЮ[illegible] Ю. И. ШИШКОВА;**

**Бұзау күтушілер: Г. А. САВИНА, А. А. ПРАТАСОВА, А. К. БАРАНОВ[illegible] А. В. ГУРЬЯНОВА, В. Н. МАЛИНИНА. Звено бастықтары: Д. Н. ГУБА[illegible]КОВА, Е. ГУЛЮГИНА, Н. И. КЛИМАНОВА, Л. И. ШВЫЛЕВА, М. И. КОП[illegible] А. И. ШИШИНА, З. И. ГАВРИЛОВА, М. В. ФЕОКТИСТОВА, Е. П. БУРЗИ[illegible]**
**Кладовщиктер: И. Н. ШИШИН, М. А. МАЛИНИНА;**
**Атшылар: Ю. Г. САРАЕВ, М. А. ШВЫЛЕВА;**
**Шопан О. В. ВОРОШИЛОВА;**
**Шошқа күтуші К. А. ПОНОМАРЕВА;**
**Күзетші М. П. ШВЫЛЕВ.**

## Флот Адмиралы Николай Герасимович Кузнецовқа Советтер Одағының Батыры атағын беру туралы

*ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы.*

Флоттардың, оның ішінде Тынық мұхит флотының ұрыс қыймылдарын басқару жөнінде Жоғарғы Бас командованиенің тапсырмаларын үлгілі орындап, мұнымен бірге, қол жеткен табыстары үшін Флот Адмиралы Николай Герасимович **Кузнецовқа Советтер Одағының Батыры** атағы беріліп, **Ленин** ордені мен **«Алтын Жұлдыз»** медалі қоса тапсырылсын.

**ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі М. КАЛИНИН.**
**ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі А. ГОРКИН.**

Москва, Кремль. 1945 жылғы 14 сентябрь.

## Адмирал Иван Степанович Юмашевқа Советтер Одағының Батыры атағын беру туралы

*ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы*

Тынық мұхит флоты бөлімдері мен кемелерінің Жапон империялистеріне қарсы ұрыс қыймылдарына басшылық етуде Жоғарғы Бас командованиенің тапсырмаларын үлгілі орындап, мұнымен бірге, қол жеткен табыстары үшін Адмирал Иван Степанович **Юмашевқа Советтер Одағының Батыры** атағы беріліп, **Ленин** ордені мен **«Алтын Жұлдыз»** медалі қоса тапсырылсын.

**ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі М. КАЛИНИН.**
**ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі А. ГОРКИН.**

Москва. Кремль. 1945 жылғы 14 сентябрь.

# СОВЕТТІК ҚАЗАҚСТАНДА

### АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ МЕМЛЕКЕТКЕ АСТЫҚ ТАПСЫРУ ЖОСПАРЫН ОРЫНДАДЫ

Мереке алдындағы міндеттемесін орындау үшін күрес жүргізе отырып, Алматы облысының колхоздары мен совхоздары республикамызда бірінші болып, өткен жылғыдан үш ай бұрын мемлекетке астық тапсыру жөніндегі міндеттемесінің барлық түрін орындап шықты.

**(ҚазТАГ).**

### БЫЛТЫРҒЫДАН 500 МЫҢ ПҰТ АРТЫҚ

Алматы облысының колхозшылары мен колхозшы әйелдері, МТС мен совхоз қызметкерлері Оңтүстік Қазақстан облысы мен екі арадағы мереке алдындағы социалистік жарыста өздерінің негізгі міндеттемелерінің бәрін абыроймен орындады.

Алматы облысы астық дайындаудың жылдық жоспарын мерзімінен бұрын 12 сентябрьде 100,4 процент орындап, мемлекетке астық былтырғыдан 500 мың пұт артық тапсырды.

Астық әлі де тапсырылуда. **(ҚазТАГ).**

### 13 КҮНДЕ 415 ГЕКТАР

Қостанай облысының Покровскі совхозында комбайншы Телнов жолдас зор табысқа жетті. Ол 13 күннің ішінде «Сталинец» комбайнымен 415 гектар егін жыйнады. Кей күндерде Телнов жолдас 40 гектарға дейін егін орды. Жамбыл облысының Георгиев совхозындағы комбайншы Шевченко жолдас та осындай зор табысқа жетті. **(ҚазТАГ).**

### 350 КОЛХОЗ АСТЫҚ ТАПСЫРУ ЖОСПАРЫН ОРЫНДАДЫ

ШІМКЕНТ. Оңтүстік Қазақстанның 350 колхозы астық тапсырудың қай түрінен болса да мемлекетпен толық есеп айырды. Қаратас, Созақ, Фрунзе, Шімкент аудандарының колхоздары жоспардан тыс 15 мың пұт астық тапсырды.

Жастардың 600 тасымал бригадасы астық дайындау жұмысын ойдағыдай өткізуге зор еңбек сіңіруде. Олар көлікті алмастырып жегіп, күні-түні жұмыс істеп отыр. Комсомол мүшесі Ғаяз Қортаевтың бригадасы мемлекет қоймасына 12 мың пұт астық жеткізді, сөйтіп «Момынай» колхозының астық тапсыруды Ленгер ауданының алды болып аяқтауына көмектесті.

Жас колхозшылар дайындау пункттеріне қазірдің өзінде 2 миллион пұттан аса астық жеткізді. **(ҚазТАГ).**

### ЖАҢА ЕГІННІҢ ҚЫЗЫЛШАСЫН ҚАЗЫП АЛУҒА КІРІСТІ

Алматы облысының колхоздары қант қызылшасын қазып ала бастады. Қаскелен ауданының «Күләш», Киров атындағы және Қазақстанның Орталық Атқару Комитеті атындағы ауыл шаруашылық артельдері жаңа егіннің қант қызылшасын Чемолған дайындау пунктіне әкеліп тапсырды.

Көп колхоздарда қант қызылшасынан быйыл өткен жылғыға қарағанда анағұрлым мол өнім алынып жатыр. «Бірінші май», Молотов атындағы, Ленин атындағы, және басқа ауыл шаруашылық артельдерінің мол өнімшілер звенолары қант қызылшасының гектарынан 350—400 центнер өнім алуда.

**(ҚазТАГ).**

### СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫС БАСТАУШЫЛАРДЫҢ ІСІ

Республикалық социалистік жарысты бастаушы —«Авангард» МТСның коллективі комбайнмен егін жыйнау жоспарын 134 процент және күзгі егіс егу жоспарын 145 процент орындады. МТС қамтуындағы колхоздар заттай ақы төлеу есебіне астық тапсыруды мерзімінен бұрын аяқтады.

Алдыңғы қатарлы комбайншылар істің табысты болуын қамтамасыз етті. Комбайншы Петр Чулак «Сталинец» комбайнымен күніне 25 гектар егін жыйнап, 450 килограм жанармай үнемдеді. Комбайншы Журовицкий жолдас күн сайын 18 гектар егін жыйнай отырып, 300 килограм жанармай үнемдеді. Машина-трактор станциясының коллективі трактор және комбайн парктерімен істелетін жұмыс жоспарын артық орындау үшін күресуде. Комбайндардың бірсыпырасы күнбағыс жыйнау үшін қайта жабдықталуға қойылды. **(ҚазТАГ).**

### ЖАСТАРДЫҢ ТАСЫМАЛ БРИГАДА[illegible]

ӨСКЕМЕН. Комсомол-жастардың 1[illegible] аса тасымал бригадасы мемлекетке [illegible]сырылатын астықты тасып жеткізу[illegible]

Жастар онкүндігінің алғашқы кү[illegible]де Лерхуба ауданының бригадалары [illegible]лекетке 800 мың пұттан артық [illegible] тапсырды. «Октябрьдің 20 жыл[illegible] колхозының комсомол мүшелері кү[illegible]йын 4 бричкамен 20 центнер орны[illegible] центнерден астық жеткізуде.

Марқа көл, Киров, Күршім, Қа[illegible] аудандарының және басқа аудан[illegible] бригадалары тапсырманы артық ор[illegible]да.

**(ҚазТ[illegible]**

### АСТЫҚ ДАЙЫНДАУ ЖОСПАРЫ ОРЫНДАДЫ

КӨКШЕТАУ. Щучье ауданының [illegible]ный яр», «Сталь» және «Красный [illegible]вик» колхоздары мемлекетке астық [illegible]сыратын қызыл керуендер ұйымд[illegible]ды. Дайындау пункттеріне тапсы[illegible] тыс 350 центнер астық тапсырыл[illegible]

**(ҚазТ[illegible]**

### ЖАҢА СКВАЖИНА ПАЙДАЛАНУ[illegible] БЕРІЛДІ

ГУРЬЕВ. Ескене мұнай промыс[illegible] жаңа скважина қатарға қосылды. [illegible] Құрмантаевтың бригадасы бұл сква[illegible]ны шапшаңдатылған әдіспен бұр[illegible] мерзімінен бұрын пайдалануға тап[illegible]

Жаңа скважина күнтәулігіне 1[illegible] на мұнай беріп тұрады. **(ҚазТ[illegible]**

Бүгін—екпінді онкүндіктің бесінші күні

# Егін жыйнау мен астық тапсыру озаттарының үлгісі көпшілік игілігіне айналдырылсын!

## Екпінді онкүндік кезінде егін даласында қажырлы еңбек істеп, егін ору және маялау жұмыстарын толық аяқтау, сөйтіп мемлекетке астық тапсыру қарқынын еселеп күшейту—әрбір колхозшы шаруаның, МТС және совхоз қызметкерлерінің абройлы ісі, ардақты борышы

### Облысымыздың егін даласында

ЕГІН ЖЫЙНАУ. Облыстық жер бөлімінің мәліметі бойынша, 17 сентябрьге дейін облыс колхоздарында 236777 гектар егін орылып, жоспар 62,6 процент орын далды. Облыс бойынша соңғы бір күнде 6177 гектар егін орылды.

Барлық орылған егіннің 100481 гектары комбайнмен жыйналды, 98129 гектар егін маяланды. Комбайнмен жыйналғанын қоса есептегенде 119639 гектар егін бастырылды.

Егін ору жоспарын 70,7 процент орындап, Петропавл ауданының колхоздары екінші орыннан бірінші орынға шықты, ал бұдан бұрын бірінші орында келе жатқан Октябрь ауданының колхоздары жоспарды 70,5 процент орындап, бірінші орыннан екінші орынға түсіп қалды. Егін ору жоспарын Ленин ауданының колхоздары 66,1 және Преснов ауданының колхоздары 64,2 процент орындады.

Бұл жұмыста әсресе Конюхов, Булаев және Совет аудандарының колхоздары кешіргісіз артта қалып, бүкіл облысымызды кейін тартып отыр. Бұл аудандардың колхоздарында астық тапсыруды күшейту, егін ору мен маялауды аяқтау жөніндегі онкүндіктің бірінші күні де мардымды жұмыс істелмеді. Ал егін ору жөніндегі жалпы жоспардың орындалуы 49—55 проценттен аздап ғана асты.

КҮЗГІ ЕГІС ЕГУ. Облыс колхоздарында 60729 гектар егіс егіліп, жоспар 60,7 процент орындалды. Күзгі егіс жөніндегі соңғы бір күнгі өсім 915 гектар болды. Бұл күні Конюхов ауданында 12 гектар, Приешім ауданында 20 гектар және Булаев ауданында 29 гектар ғана егіс егілді.

Күзгі егіс жоспарын Петропавл ауданының колхоздары 76,3, Булаев ауданының колхоздары 73,9 және Преснов ауданының колхоздары 72,7 процент орын

### ХҮРМЕТ ТАҚТАСЫ

Қазақ ССРның 25 жылдығы атындағы бүкілодақтық социалистік жарысқа ұштасып, егін жыйнауда үздік табыстарға ие болған мына комбайншылар облыстық жер бөлімінің ұсынуы бойынша, облыстық ХҰРМЕТ ТАҚТАСЫНА жазылды:

ФЕДОР СОКОЛ—Совет ауданындағы Шағлы МТСның комбайншысы, 15 жұмыс күні ішінде «Сталинец» комбайнымен 210 гектар егін жыйнап, 194 килограмм жанармайын үнемдеген.

КИРИЛЛ ЕРЕМЕНКО—Совет ауданындағы Шағлы МТСның комбайншысы, 17 жұмыс күні ішінде «Сталинец» комбайнымен 216 гектар егің жыйнап, 97 килограмм жанармайын үнемдеген.

ИВАН КЛЕШИН—Совет ауданындағы Шағлы МТСның комбайншысы, 23 жұмыс күні ішінде 251 гектар егін жыйнаған.

МАРИЯ КОЗЛОВА—Приешім ауданындағы Тимирязев атындағы МТСтың комбайншысы, «Сталинец» комбайнымен 221 гектар егін жыйнаған.

ПАВЕЛ ФОМИН—Соколов ауданындағы Налобин МТСның комбайншысы, «Сталинец» комбайнымен 352 гектар егін жыйнап, 44 килограм жанармай үнемдеген.

БРОНИСЛАВ ОРЛОВСКИЙ—Соколов ауданындағы Налобин МТСның комбайншысы, «Сталинец» комбайнымен 331 гектар егін жыйнаған.

МАКСИМ КЛЕН—Ленин ауданындағы Образцовой МТСның комбайншысы, «Сталинец» комбайнымен 295 гектар егін жыйнап, 275 килограм жанармайын үнемдеген.

ДМИТРИЙ КОКАРЕВ— Ленин ауданындағы Образцовый МТСның комбайншысы, «Сталинец» комбайнымен 340 гектар егін жыйнап, 90 килограм жанармайын үнемдеген.

Вильямс атындағы МТСтың № 2 ТРАКТОР БРИГАДАСЫ (бригадирі НАЗАРОВ жолдас). Бұл бригада 10 сентябрьге дейін тракторлармен істелетін жұмыстардың жылдық жоспарын 113 процент орындады. Бригадада 15 аттың күші бар әрбір трактормен 316 гектар жер жұмысталды.

Вильямс атындағы МТСтың № 12 ТРАКТОР БРИГАДАСЫ (бригадирі РУМЯНЦЕВ жолдас). Бұл бригада 10 сентябрьге дейін тракторлармен істелетін жұмыстардың жылдық жоспарын 116 процент орындады. Мұнда 15 аттың күші бар әрбір трактормен 324 гектар жер жұмысталды.

### 9 колхоз бескүндік тапсырманы артығымен орындады

Совет ауданының колхоздарында мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарыс өрістей түсуде. Осының нәтижесінде, ауданда мемлекетке астық өткі

процент орындалды. «Колос» колхозы бір бес күн ішінде Қыялы элеваторына 895 центнер астық өткізді.

Астық дайындаудың бескүндік тапсырмасын «Жаңақоныс», «Баянды», «Дайын

*Мал өсірушілер Қазақ ССРның 25 жылдығы қарсаңында*

### Мерекеге тартуым

Мен 1936 жылдан бері колхозды ауылдың жылқысын бағып келемін. Бұл жылдар ішінде менің алдымнан бірде-бір жылқы шығын болған жоқ. Осының нәтижесінде, жылқы бағуға кіріскенде алдымен 18 жылқы болса, қазір 135 жылқы бар. Айбынды Қызыл Армия жауынгерлеріне 15 сайгүлік өсіріп бердім.

Мен бұл табысқа партиямыз бен үкметіміздің жылқы шаруашылығын өркендету жөніндегі қарарларын, жұмысыма жөн жоба ретінде қолданып, бұл қарарларды сөзсіз жүзеге асыруға күш жұмсау арқасында ие болдым.

Мұнымен бірге, менің жылқы бағуда азды-көпті тәжрибем бар. Жылқыны қыс күндерінде үнемі тебінде бағамын. Тебін орнын әлсін-әлсін ауыстырып отырамын. Ал жазды күндері жылқының өрісі кең, шөбі сүйгін және суы мол жерге жайылуын қамтамасыз етемін.

Қыс тебінде баққанда биенің іш тастап жіберуі мүмкін. Егер жайылым дұрыс пайдаланып, оның жатар орнын жайлап алса, онда бие іш тастамайтын болады.

Быйыл менің алдымнан 25 бие құлындады. Алынған құлындар тегіс аман, күн санап өсіп келеді. Бұл менің республикамыздың даңқты мерекесіне әзірлеген тартуым болып отыр.

И. ҚАНАФИН,

Октябрь ауданындағы «Бірлік» колхозының жылқышысы.

### Мал өсірушілер қосымша ақы алды

Куйбышев атындағы ауыл шаруашылық артелінің (Соколов ауданы) мал өсірушілері мал басын өсіріп, оның өнімін арттыру жолында аянбай еңбек істеуде. Осының нәтижесінде олар мал өсірудің мемлекеттік жоспарын түліктің барлық түрінен мерзімінен бұрын орындап шықты.

Колхоз мұндай үздік табысқа ие болуында алдыңғы қатарлы мал өсірушілердің зор үлесі бар. Мәселен, сауыншы Мария Макарова және сыйыр фермасының меңгерушісі Екатерина Родина жолдастар төл өсіруде аса зор қамқорлық пен жұмыс істеп келеді. Макарова жолдас өзіне бекітіліп берілген 16 сыйырдан 16 бұзау алып, оларды шығынсыз өсіруде. Колхоз басқармасы Макарова жолдастың бұл еңбегін бағалаусыз қалдырған жоқ. Оның еңбегіне қосымша ақыға бір бұзау берді.

### Сыртқы Істер Министрлерінің Кеңесі Секретариатының білдіру

ЛОНДОН, 17 сентябрь. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша, Сыртқы Істер Министрлерінің бүгінгі екі мәжлісінен кейін жарияланған білдіруде былай делінген: «Сыртқы Істер Министрлерінің Кеңесі италия-югославия шекарасы туралы мәселе жайында югославияның, Англия домениондарының және Италия үкметінің пікірін тыңдауға әзір отырған болатын.

Осыған байланысты мәжліске өз үкметтері атынан: Австралияның Сыртқы Істер Министрі доктор Эватт, Жаңа Зеландия Жоғарғы Комиссарының міндетін атқарушы доктор Кэмпбелл және Оңтүстік Африка одағының Жоғарғы Комиссары Хитон Никольс қатысуға тиісті еді. Алайда, председательдік етуші югославия өкі нен хат алынғандығын жариялады. хатта югославия өкілдері кеңеске о нің Лондонға жаңада ғана келіп ту дігін және өкілдер басшысы югос бас министрінің орынбасары д Кардльдің науқастанып отырғандығ барлады. Міне, осыған байланысты шақырылған үкметтердің италия-ю вия шекарасы туралы мәселе жайы пікірлерін тыңдауды келесі күнге қалдыруға, сөйтіп Сыртқы Істер М трлерінің Орынбасарлары Италия м тім шартының жобасын дайындауда шылыққа алатын нұсқауларды тал ісін жүргізе беруге ұйғарды. Бұл кеңеске осы сессияда тапсырылуға

### Англияның бас министрі Эттли қабылдау жасады

ЛОНДОН, 15 сентябрь. (ТАСС). Кеше Англияның Бас министрі Эттлидың қонақасы бергендігін және қонақасыңда ССРО Сыртқы Істер Халық Комиссары Молотов, ССРОның Англиядағы Елшісі Гусев, Англияның Сыртқы Істер Министрі мен Англияның Советтер Одағындағ шісі Арчивальд Кларк Керр болған Рейтер агенттігі хабар етті.

### Совет әскерлерінің Норвегия жерінен кері қайтарылу туралы Норвегия газетінің пікірі

ОСЛО, 16 сентябрь. (ТАСС). Совет әскерлерінің Норвегия жерінен кері қайтарылуы туралы хабарды талдап түсіндіре келіп «Автенпостен» газеті былай деп жазады:

«Орыстар бізге бірінші болып келді және олар бізден бірінші болып кетуде. Олар өз істерін істеп болды және қазіргі күнде жаңа міндеттерді шешу үшін өз отандарына хажет болып отыр. Ор бізбен қоштаса отырып, олардың біз ген және жалпыға бірдей жауды ісінің мүддесі үшін істеген жақсыл рының бәрін ешуақытта ұмытпайть лық—оларға достас халық шығар лып отырғандығын есте сақтайты сын».

### Британ тред-юниондарының конгрессіне

ЛОНДОН, 16 сентябрь .(ТАСС). 13 сентябрь күні түстен кейін британ тред-юниондарының конгрессі қарар қабылдады. Қарарда Советтер Одағымен сауда шартын жасау туралы мәселе жайында келіс сөздер жүргізу ұсынылған. Бұл қарарды енгізе отырып, Закоф (ағаш өндеушілер одағынан) достық туралы ағылшын-совет шартын атап көрсетті, сөйтіп бұл шарт сияқты сауда шартының да кешіктірілмей жасалуы жайында ұсыныс жасады.

Көп жылдар бойына Англия құ ағаштарының шеттен әкелінуіне т болды. Советтер Одағында ағаш ме көп болды. Англия құрылыстар сал не мүлік өндіру үшін ағаш заттарі лінше қажет етті. Ал, екінші жа Советтер Одағы машина жабдығын тен әкелуге талаптанды, сөйтіп өзі екі жаққа да қолайлы келісім жасалуына негіз қалады.

### Дальдьенің Мюнхен саясатын ақтау үшін тырысуы қарсы Француз оқымыстылары мен жазушыларын наразылық білдіруі

ПАРИЖ. 15 сентябрь. (ТАСС). Фран- қойған қайраткерлер елдің қайта

цент орындады. Соңғы бір күнде колх... сымыз бойынша 1644 гектар зябь жыртылды.

Зябь жырту жоспарын орындауда бұрынғыша Полудень және Петропавл аудандарының колхоздары алда келеді. Бірақ, бұл аудандарда да жұмыстың ұйымдастырылуы тіпті қанағаттанғысыз болып отыр. Сол сияқты Преснов, Конюхов, Октябрь және Совет аудандарының колхоздары да зябь жырту жұмысына жете мән бермеушіліктің және бұл жұмысқа қажетті болған күш-мүмкіншілікті толық жұмылдырмағандықтың салдарынан зябь жырту жұмысын ойсыраған олқылыққа ұшыратты. Сейтіп жоспардың 8—15 процентін ғана орындады.

лып істейтін «Колос» колхозында тапсырма 214 процент, Рябко жолдас председатель болып істейтін Каганович атындағы колхозда 171 процент және Тұяқбаев жолдас председатель болып істейтін Куйбышев атындағы колхозда тапсырма 124

...рына астық тасу жұмысы тәулік бойына ұйымдастырылды. Сөйтіп, колхоз мүшелері онкүндік кезінде астық дайындау жұмысын мейлінше күшейтуге жаппай жұмылды.

Ж. ИМАНЖАНОВА.

Н. ХАМИДУЛЛИН.

## Астық тапсыру жоспарын толық орындады

Волокитин жолдас басқарған көмекші шаруашылық 95 гектар дәнді егінді жыйнап болып, мемлекетке астық тапсыру жоспарын толық орындады. Көмекші шаруашылық дайындау орнына 3 тоннадан аса астық тапсырды.

А. СӘКЕНОВ.

## Белоусов жолдастың жайбарақаттығы

Преснов ауданындағы Преснов машина-трактор станциясына қарасты колхоздар быйыл 6450 гектар зябь жыртуға тиіс еді. Содан осы уақытқа дейін 310 гектар ғана зябь жыртылды. Колхоздарда соңғы бескүндікте жыртылған зябь мөлшері тіпті аз болды.

—Зябь жыртуда колхоздардың артта қалу сыры неде?—деп сұрадық біз—МТС директоры Белоусов жолдастан.

—Қазір егін жыйнау кезі, басқа жұмысқа уақыт жетпейді—деп жауап берді ол. Міне Белоусов жолдастың зябь жырту жұмысына осындай кезек күттірушілігі «Путь к социализму», «Пламя» және «1 май» колхоздарында быйыл зябь жырту жоспарының орындалмай қалу қаупін туғызып отыр. Сол сияқты «Партизан востока», «Путь к коммуне», «Прибой» және Буденный атындағы колхоздардың әрқайсысында 15—20 гектардан ғана зябь жыртылды. Бұл колхоздардың басшылары тракторға сеніп, зябь жыртуға көлік күшін қоспай отыр. Ал МТС директоры Белоусов жолдас Сталин атындағы колхоздағы зябь жыртуға тағайындалған 3 трактордың, Ворошилов атындағы колхоздағы 2 трактордың және «Новый свет» колхозындағы 1 трактордың зябь жырту жұмысына пайдаланұын қамтамасыз етпей келеді. Ең алдымен, бұл колхоздардағы зябь жыртуға белгіленген тракторлар жанар маймен және кейбір қосалқы бөлшектермен әлі күнге дейін жабдықталмай отыр.

Б. ЕЛЕУСІЗОВ.

## ЕТ ТАПСЫРУ ЖОСПАРЫН МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ОРЫНДАУДА

Булаев ауданының көптеген колхоздары Қазақ ССРның 25 жылдық мерекесі атындағы социалистік жарыста алған міндеттемелерін орындай отырып, мемлекетке ет тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындауда.

Мемлекетке ет тапыру жоспарын мерзімінен бұрын орындағандардың бірі—Личицкий жолдас басқарған «Победа» колхозы. Бұл колхоз мемлекетке міндетті түрде ет тапсыру жоспарын 1 сентябрьге дейін 162 процент орындады.

Сол сияқты, «Красная заря» (председателі Кузенков жолдас), мемлекетке ет тапсыру жоспарын 144 процент, «Еңбекші қазақ» колхозы (председателі Әбілов жолдас) 134 процент және «Молодая гвардия» колхозы (председателі Нестерец жолдас) 132 процент орындады.

Қазір ауданда 15колхоз ет тапсыру жоспарын толық орындап, мемлекетпен есеп айырысты.

Ә. СМАҒҰЛОВА.

# Бірінші парыз орындалды

Алматы облысы 1945 жылғы 12 сентябрьде астық дайындаудың жылдық жоспарын 100,4 процент орындады. Колхозшылар, колхозшы әйелдер, МТС және совхоз жұмысшылары партия, совет ұйымдарының басшылығы арқасында республикамыздың даңқты мерекесін лайықты тартулармен қарсы алу жолындағы бүкіл Қазақстандық социалистік жарыста алған міндеттемені орындауда большевиктік ұйымшылдықтың тамаша үлгісін көрсетті.

Гитлершіл Германияны және Жапон империализмін жеңген тарихи жеңіске жігерленген Алматы облысының егінші колхозшылары қажырлы қайрат пен жұмыс істеп, мемлекет алдындағы бірінші парызды аброймен өтеді.

Деревня еңбекшілері Отан алдында борышты екендігін түсіне білгендіктен және олар мереке алдындағы жарысты өрістете түскендіктен мемлекетке астық тапсыру жоспарын ойдағыдай орындап шықтық.

Партия ұйымдарының саяси-көпшілік жұмысының дәрежесі мен сапасын анағұрлым арттырып, коммунистер мен комсомол мүшелерін маңызды жұмыс учаскелеріне дұрыс бөлуі, олардың егін жыйнау және астық дайындау кезінде авангардтық роль атқаруы колхозшылардың, МТС және совхоз жұмысшыларының жұмысты өнімді істеп, олардың саяси белсенділіктерінің артуын қамтамасыз етті.

Облыстың колхозшылары мен совхоз жұмысшылары егін жыйнаудың алғашқы күндерінен бастап-ақ дайындау орындарына астық тасу жұмысын кеңінен ұйымдастырды және әрбір бес күн сайын облысымызға астық дайындау жөнінде берілген тапсырманы артығымен орындап отырды.

Облысымыздағы керуеншілер бригадалары арасында социалистік жарыстың өрістеуі нәтижесінде, астық дайындау жоспарының тапсырмасы июль айында 144,1 процент, август айында 118,2 процент, ал 12 сентябрьде астық дайындаудың жылдық жоспары толық орындалды, сөйтіп өткен жылға қарағанда, быйыл мемлекетке 500 мың пұт астық артық тапсырылды.

20 августа облыста бірінші болып Алматы, Кеген, Балқаш және Еңбекші қазақ аудандарының колхоздары астық дайындау жоспарын орындап шықты, ал 11 сентябрьде Қаскелен және Ұйғыр аудандары астық дайындау жоспарын толық аяқтады.

Алматы селолық ауданына қарасты мереке алдындағы социалистік жарыстың жаршысы Калинин атындағы колхоз (председателі Абаев жолдас) астық дайындау жоспарын 31 июльде орындап, тандаулы колхоздардың алдында келеді.

Сол сияқты, Қаскелен ауданындағы Буденный атындағы, Іле ауданындағы «Қызыл ту-3», Еңбекші қазақ ауданындағы «Абад» ,«Жаңа талап» тағы басқа колхоздары астық дайындау жоспарын орындауда алдыңғы қатарлылардың сапында болды.

Мемлекет алдындағы бірінші парызды өтей отырып, колхозшылар, колхозшы әйелдер мен МТС және совхоз жұмысшылары гитлершіл Германияға қарсы төрт жылғы соғыста елімізге түскен жараны тезірек жазу ісінде, біздің социалистік мемлекетіміздің күш-қуатын бұдан былай да нығайта беруде астықтың қаншалықты зор маңызы бар екендігін жақсы түсінді. Астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындау—ол колхоз құрылысының қуаттылығының жарқын бейнесі, Ұлы Отан соғысының барлық қыйыншылықтарына төзіп, оны жеңе білгендігі және бұл соғыста бұрынғыдан да күшейгендігі болып отыр.

Алматы облысы астық дайындау жоспарын ойдағыдай орындағаны үшін республикалық Хұрмет тақтасына жазылды. Бұл зор аброй. Ол бізді бұрынғыдан да күшті жігермен жұмыс істеуге міндеттейді.

Біздің мереке алдындағы социалистік жарыста алған міндеттемеміздің ең негізгі бір бөлегін орындауда қол жеткен бұл табысымыз, бізді қанағаттандырмайды, өйткені біздің алдымызда осы жылдың ауыл шаруашылық жұмыстарын аяқтау жөнінде әлі де күрделі міндеттер тұр.

Облыстың партия және комсомол ұйымдары, еңбекшілер депутаттарының жергілікті советтері қазір өздерінің барлық күшін колхозшыларды, МТС және совхоз жұмысшылары, бұхарасын дәнді егінді бастыруы мерзімінен бұрын аяқтау, келесі жыл үшін тұқым қорын толық құю, сол сияқты қант қызылшасын темекіні, овощь пен жеміс жыйнау және оларды мемлекетке тапсыру істеріне жұмылдыруға жұмсап отыр. Сондай-ақ біздің алдымызда зябь жырту, күзгі егіс егу жоспарын агротехникалық жоғары дәрежеде өткізу, сөйтіп келесі жылы егіннен мол өнім алудың берік негізін қалау міндеті тұр.

Кезекте тұрған осы маңызды міндеттердің орындалуы көп күш жұмсауды және барлық ішкі мүмкіншілікті толық пайдалануды талап етеді. Астық дайындау жоспарын ойдағыдай орындаумен жігерленген облыс еңбекшілері өздерінің барлық күшін осы маңызды міндеттердің абройлы орындалуына, сонымен, Қазақ ССРның даңқты мерекесін өздерінің қажырлы еңбектерімен лайықты қарсы алуға жұмсайды.

Д. ЖАНҒОЗИН.

ҚК(б)П Алматы облыстық комитетінің секретары.

...лікті жойды» делінген қарарда кол... басқа көптеген адамдар.

## Фордтың Канададағы заводында ереуіл болды

ОТТАВА, 15 сентябрь. (ТАСС). Канадиен Пресс агенттігінің хабары бойынша, «Виндзордағы форд» науқанына қарасты заводтың 10 мың жұмысшысы 13 сентябрьден бастап ереуілге шыққан. Кәсіпшілер одақтары еңбек қорғау ісінің жүзеге асырылуын, әділ еңбек ақы төленуін, демалыс берілуін, немесе демалыс ү... ақы төленуін, кәсіп орнынан шыға... ған 3000 жұмысшыға жәрдем көрсеті... және басқаларды талап етуде.

## Аргентинадағы ереуіл

НЬЮ-ЙОРК, 15 сентябрь. (ТАСС). Ассошиэйтед Пресс агенттігінің хабары бойынша, бұдан бірнеше күн бұрын ереуілге шыққан 35 мың транспорт жұмысшылары соғыс министрі Пероннын жұмысқа қайта кірісу туралы бұйрығын тыңдамады. Олар еңбек ақының көбейтіліп, жұмыс күнінің азайтылуын талап етуде.

Аргентинаның дәрігерлік ассоциаци... ғылыми қызметкерлерге елдің бір қа... ты конституциялық тәртібі қалпына ... тірілмейінше ғылыми қызметті тоқт... тұруды ұсынды.

Жақын арада Аргентина адвокат... да осындай қарар қабылдады.

## Грециядағы ереуіл

АФИНЫ, 14 сентябрь. (ТАСС). Грецияның өкмет орындары мен ұлт ұйымдары деп а т а л а т ы н топтар ереуілді басу үшін барлық күшті жұмсауда. Ереуілшілерге қарсы полиция және хитосшылдар отряды («Х» ұйымының мүшелері) жіберілуде. Олар ереуілшілерді ұрып-соғып, жыйылыстарды күшпен таратуда, көптеген адамдарды тұтқынға алуда. Полицейскі басқармасының қарсысындағы бір тас жолда алты полицейскидің терроРға қарсы ереуіл жасап жүрген өкілдермен бірге келген бір қарт жұмысшыны таяқпен ұрғандығын ТАССтың тілшісі өзі көзімен көрген. Кейбір жағдайларда қарулы хитосшылдар қарудың күшімен жұмысшыларды жұмысқа баруға мәжбүр етуге тырысып, жұмысшылар тұратын көшелерді жүк машиналарымен аралап жүреді. Көтерілісшілердің ішінен 500 адам тұтқынға алынды. Афины жұмысшылары орталығының басшысы Мастропанис, көптеген кәсіпшілер одақтарының председательдері мен бірсыпра кәсіп орындарындағы ереуілшілер комитеттерінің мүшелері тұтқынға алынды.

Ұлтты азат ету майданының баспа сөзімен басқа бүкіл баспасөз, сол сияқты жалпыға бірдей еңбек конференциясы кеңесінің үкмет тағайындаған мүшелері ереуілшілерге қарсы қатты күрес жүргізуде. Осыған қарамастан, ереуіл қозғалысы барған сайын ұлғаюда. 12 сентябрьде Грециядағы аса ірі Конелопулос химия заводының жұмысшылары ереуіл жасады. Бүгін Пирея темекі фабрикасының жұмысшылары көтерілісшілер қатарына қосылды. Аяқ киім өнеркәібі жұмысшыларының кәсіпшілер одағы, егер кәсіп орында... иелері жұмысшылардың талабын ... дaудан бас тартқан жағдайда 15 сент... ден бастап, аяқ киім фабрикалары мастерскойлардың барлық жұмысшы... ның ереуілге шығатындығын жария... Патра, Солоники, Каламата провинци... рында да ереуіл басталды. Волос қал... дағы 5 тоқыма фабрикасының жұмы... лары еңбек ақының 100 процент к... не жетісті. Сол сияқты, порт жұмыс... лары да осындай нәтижеге ие б... Солоникидегі 2 заводтың қожалар... жұмысшылардың барлық талаптарын ... был алды. Афиньдағы кейбір кәсіп о... дарының иелері жұмысшылардың ... ақыларын 75 процент өсіріп, оларды... гілі бір мөлшерде азық-түлікпен ... отынмен жабдықтауға келісім берді... ші бір кәсіп орындарының қожалары... бек ақы мөлшері мен бұйым бағал... үкмет тағайындады дегенді бетке ұ... жұмысшылардың талаптарын қабы... дан әлі күнге бас тартуда.

Ұлтты азат ету майданының өкі... әңгімеде бас министр бағаның кө... луіне жол бере алмайтындығын мәлі... бұл іс жанжал тууына әкеліп соғад... ді. Ұлтты азат ету майданы жанжал... дан сақтану үшін жұмысшылардың ... ақыларының бір бөлегін заттай ... отыруды ұсынды.. Алайда, бұл ұсын... жауап қайтарылмады.

Жауапты редактордың орынбаса...
Ғ. МҰХАМЕДЖАНО...

Редакциянын адресі: ҚССР Петропавл қаласы, Петренев көшесі 88. Полиграфия және издательство басқармасының баспаханасы. УШ 0237